

Маханбетова А.Э.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Маханбетова А.Э.

ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ

Көмелетке толмағандарға құқықтық тәрбие берудің жалпы міндеті олардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін көтеру болып табылады.

Жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің қалыптасу деңгейін мыналардан коруге болады: азамат ретінде өзінің құқығын, бостандығы мен міндеттің анық түсінуі әрі оны бағамдауы, оны іс жүзінде, өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы. Сондай-ақ құқықтық мәдениеттің қалыптасу деңгейі мектен окушысының қолданыстағы заңдар жөніндегі білімінен, құқық қағидаларына құрметпен қарауынан, басқалардың құқығын сыйлауы және өз міндеттерін саналылықпен орындаудынан, өзінің құқықтық мәдениетін қабылданған заң өлшемдерін үйлестіруге, тілті, оны мінез-құлқының үлгісіне айналдыруға бағытталған ұмтылышынан байқауға болады.

Енді құқықтық мәдениеттің белгілеріне тоқталайық. Бұлар:

- заң нормаларын білу;
- заң нормаларын орындау;
- қоғамдық тәртіпті, заң нормаларын бұзбау;
- заң күшіне сену және т.б.

Құқықтық мәдениеті дамыған тұлға – құқықтық мемлекеттің үлгілі азаматы. Тұлғаның құқықтық мәдениетімен қоса құқықтық санасын қалыптастырып, дамыту - құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаттарының бірі. Адамның құқықтық санасы қалыптаспай оның құқықтық мәдениеті жетілмейді. Сол себепті құқықтық сананы қалыптастыру мәселесіне қоңқоңіл бөлген дұрыс. Сондықтан құқықтық сананың мазмұнына анықтама берейік.

Құқықтық сана – Казақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалауына, құқыққа, басқа да құқықтық құбыластарға құқықтық сезімдерінің, әсерлігін, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі. Бұл анықтама заңгер ғалымдардың осы саладағы көптеген зерттеулерінің қорытындысы ретінде құқық саласындағы кездесетін ғылыми енбектерінде көрініс табады. Ал құқықтық сананы қалыптастыру құқықтық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастырудың деңгейіне байланысты.

Құқықтық тәрбие өз деңгейінде жүзеге асуы үшін тәрбиеленуші тұлғаның құқықтық білімін, алынған білімі арқылы құқықтық санасын, мәдениетін қалыптастыру – негізгі мақсат. Мұғалім-тәрбиеші адамның құқықтық білім санасы құқықты ұғынудан бастау алатындығын білгені дұрыс. Құқықтық сана мен құқықты ұғыну құқықтық білім негізінде жүзеге асады.

Тұлға құқықтық білім алмай заңды әрекет пен заңсыз әрекетті ажыратада; сондай-ақ заң мен құқықтың күшін сезінбейді; өздерінің құқықтары мен бостандықтарын біліп, қорғай алмайды; өз міндеттерін орындаамайды. Осы орайда тұлғаның алған құқықтық білімі арқылы құқықты ұғыну үрдісінің жүзеге асатындығына көзіміз жетеді. Әрине, кез-келген адамның санаасындағы құқық ұғымы құқық нормаларының ортаға оң немесе теріс әсер етуші норма сипатында, яғни жалпылама түсінік ретінде орын алатындығы анық. Сол себепті бұл жағдайда құқықтық білім беру – адамның құқықтық санаасын қалыптастыру мақсатында орындалатын құқықтық тәрбиенің негізгі ықпал етуші әдісі. Накты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұғынады және оның санаасы қалыптастып, дамиды.

Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауга, орындауға дағдыландыру мен заңың әділдігіне сендіру – құқықтық санаасың негізгі белгілері. Аталған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Оған дәлел – А.С. Макаренконың мына бір пікірі: «Бала тәрбиесі біздің өміріміздің ең маңызды саласы. Біздің балаларымыз – мемлекетіміздің, әлемнің болашақ азаматтары. Дұрыс тәрбие – бұл бақытты болашақ, нашар тәрбие – бұл болашақтағы біздің басқа адамдар мен бүкіл ел алдындағы кінәміз». Есейген адамға қарағанда санаасы мен мінез-құлқы жаңадан қалыптаса бастаған жасөспірім – тәрбиенің қолайлы объектісі болып табылады. Сонымен тұлғаның құқықтық санаасы мектептегі құқықтық білім беру мен тәрбиелеу жүйесі арқылы қалыптастасындығына көзіміз жетті.

Мектепте құқықтық тәрбие беруді ұйымдастырудың жолдары кандай? Оның ішінде жоғары сынып оқушыларымен құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын қалай жүргізуге болатындығына назар аударайық.

Ғалымдар М.Е. Демеуова, К.Ж. Қожахметова дайындаған Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің I-XI сынып оқушыларына арналған тәрбие бағдарламасының X-XI сынып оқушыларына арналған болімінде құқықтық тәрбие жұмыстарының бағыттарына сәйкес атқарылатын жұмыстың мазмұны берілген.

Атап ғана бағдарламада тәрбие үрдісін төменде берілген модульдермен күргуга болады деп көрсетілген:

- **әлеуметтік-құқықтық модуль:** әлеуметтік қарым-қатынастардың нормалары туралы негізгі түсінікті мәнгеру; соның ішінде мемлекеттік нормативтік заң актілері мен балалар құқығы жайлы БҰҰ Конвенциясының мазмұнымен сәйкес анықталатын, жалпыадамзаттық құндылықтар жайында; азаматтық-патриоттық түсініктің қалыптасуы; өмірдің негізгі заңдылықтарын, қоғамның дамуын және ондағы адамның атқаратын рөлін, экономикалық, құқықтық және әлеуметтік қатынастардағы мәдениет туралы негізгі ұғымдарды игерту.

Модульдердің осындай топтастыруы негізінде осы заманғы тәрбие үрдісі келесі бағдарларға бағытталады:

Әлеуметтік-құқықтық модуль

- қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу;
- құқықтық және саяси мәдениетке тәрбиелеу;
- әскери-патриоттық тәрбие;
- экономикалық және еңбек мәдениетіне (кәсіби бағдар) тәрбиелеу ал құқықтық мәдениетті қалыптастырудың мақсат, міндеттері төмендегідей белгіленген:

Тәрбиелік міндеттері:

- өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындығын, құқықтық нормаларды жүзеге асыру барысында жауапты шешім қабылдау қабілеттін қалыптастыру;
- заң терминологиясы мен зандық пайымдауларды дұрыс қолдану қабілеттерін қалыптастыру;
- құқықтық білімді қолдану арқылы түрлі өмірлік жағдайларда іс-әрекеттің занды тәсілдерін жобалау қабілеттерін қалыптастыру;
- өмір құбылыстарына, өзінің және басқа адамдардағы іс-әрекеттің занды баға беру қабілеттін қалыптастыру;
- арнайы заң білімін қажет етпейтін кейбір ресми кағаздары (арыз, сенімхат, еңбек келісім шарты, т.б.) дұрыс толтыра білу қабілеттерін қалыптастыру;
- түрлі жағдайларды сараптау және жауапты шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастыру;
- іскерлік қарым-қатынас жүйесі мен дағдыларын қалыптастыру.

Жоғары сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстағы жетекші педагогикалық идея: жеке тұлғаның өзіне тән құштарлықтарына сәйкес оның негізгі мүмкіндіктерін іске қосу үшін, жүзеге асыру үшін жағдай жасау, өз болашағының әлеуметтік-мәндік жағын анықтап алу үшін көмектесу.

Осы жас кезеңінде оқушылар өз өмірінің келешегі мен жоспарларын құра бастайды, дуниетанымының негізі қалыптасады, өмірге деген өзіндік көзкарасы, өмірдегі өзінің орны айқындалады. Бұл кезеңде жеке тұлғаның өз белсенділігі, оның әртүрлі құбылыстарға баға беруі, әлеуметтік келенсіздіктерге қарсы ықпал ете білуі айқын көрініс береді, тіршілік талап ететін және өзінің әлеуметтік байланыстары кеңеюіне орай міндетті түрде пайда болатын курделі жағдайлардан шығудың дұрыс жолын таба білу қабілеттері қалыптасады.

Осыған орай жоғары сынып оқушыларының құқықтық мәдениеттің қалыптастыру жұмыстарының мазмұнын мыналар құрайды:

- оқушылардың құқықтық актілердің мазмұнын дұрыс түсінуі;
- негізгі құқықтық ұғымдар, идеялар, түсініктер туралы дұрыс түсінік беру;
- өз сыныбындағы құрбылары алдында занга байланысты тақырыпқа әнгіме жүргізуге, құқықтық мәселелерді талқылайтын айтыстарға катысуға дайын болуы;
- өзінің, басқалардың әрекет-ісіне, мінез-құлқына, адамгершілік және құқық тұрғысынан баға бере алуы;

- өз әрекеттерінде, іс-қимылдарында алған құқықтық білімін қолдана білуі және қоғамдық іске өз еркімен қатысып, құқықтық белсенділік көрсете білуі;
- мемлекет, қоғам ісін басқаруға дағдылануы, үйренуі;
- кәсіби бағдарлылығын айқындауы.

Ғалым Ә.Табылдиевтің еңбегінде «құқық – жеке тұлғаның өз ерік-кайрат, жігерімен еркіндік ниетін іске асыруы, ол қоғам қабылдаған шешім, әлеуметтік өмірде қалыптасқан әдеп, ереже, нұсқа бойынша іске асатын әрекет еркіндігінің көрінісі» деп жазылған. Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып қалыптасқан құқықтық нормалары, негізінен, еркіндік әдебі мен тыйым, талап қою дәстүрлерімен ұштасып жатады. Әдептілік, имандылық, қайрымдылық, мейірімділік әрекеттері салтқа айналған халқымыздың құқықтық санасты оны иманды халық дәрежесіне жеткізген болатын.

Ұрпақты әдептілікке, имандылыққа баулу үшін, халқымыз соған сәйкес құқықтық жүйе қалыптастырыды да, құқықтық идеологияны (насихат, өсiet, онеге) өмір биігіне ту етіп көтере білді. Сөйтіп, әлеуметтік әдеп, ұлттық психология қалыптасты. Құқықтану ғылыми, құқықтық мәдениет пайда болды.

Осы құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмысында соны жүзеге асыратын мұғалімдерге қандай талаптар қойылатынына тоқталған жөн. Мектепте құқықтық мәдениетті қалыптастыру ісінің тиімділігі, окушыларға пайдалы да ұтымды әсер етуі мұғалімнің жеке басының адамгершілік қасиетіне, оның кәсіби дайындығының дәрежесіне, заң ілімінен мәлімет, түсінігі болуына байланысты.

- Зандарды білу, әрине, мұғалімнің құқықтық білімі мен оның атқаратын қызметінің көлеміне байланысты және сайма-сай келгені жөн. «Құқық негіздері» пәнін жүргізетін мұғалім осы әлеуметтік құбылыстардың негізгі анықтамаларын, ұғымдарын білу қажет. Ал зандар туралы мәлімет беретін басқа пәндердің мұғалімдері (тарих, әдебиет, география т.б.) өз ілімдеріне катысы бар зандардан хабардар болмаса, окушыларға құқықтық тәрбие беруі қудікті жағдай.
- Мұғалімнің окушыларға зандарды түсіндіре алатын қабілеті болуы керек. Мәселе окушыларға қандай зандар бар екенін айтуда ғана емес, сол зандардың не үшін қажет екенін, олардың қоғамда атқаратын ролін, зандылықты, құқықтық тәртіпті орнатып, барлық халықтың, әрбір жеке адамның занды мұddeлерін қорғап, іске асыратын құдіретті құрал екенін окушыларға түсіндіре алуында.
- Құқықтық тәрбие берудің бір ерекшелігі – окушылардың әлеуметтік-құқықтық белсенділігін қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін оқытушылар зандарды өздері сактаумен катар, сол зандардың жүзеге асуына ат салысатын азаматтарға айналуы қажет. Білім, сенімділік және әрекеттер мызғымастай берік, біртұтас болуы міндет.
- Мұғалім әрбір окушының құқықтық санасының шынайы дәрежесін біліп, оған әсер ететін басқа жағдайлардан хабардар болғаны жөн. Әсіресе,

көңіл аударатын жәйт – оқушылардың тұрмыс жағдайы, мектептен тыс уақытта араласатын ортасы.

- Адамгершілік тұрғысынан қарағанда мұғалім мінсіз таза боуы – оған койылатын заң талабы. Мұғалім мектепте де, үйде де, түзде де жастарға өз қылығымен, өмірімен, жүріс тұрсысымен нағыз үлгі болуы шартты жағдай.

Мектепте жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық тәрбие жұмысының бағыттары

- Педагогтардың, билік орындары өкілдерінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бірлескен іс-әрекеттері;
- Мектепшілік және аймақтық құқықтық тәрбие бағдарламаларын жасау және енгізу;
- Балалардың мұддесін жан-жақты қорғауга жағдай жасау, жанұяда, мектепте, қоғамда балалардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу;
- Құқықтық тәрбие және білім беруді оқушылардың қолдану маңыздылығына, әлеуметтік бейімделуіне бағыттау.

Жоғары сыйып оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыруды мектеп пен отбасының өзара әрекеті қандай болуы керек?

Балалар үлкендерге еліктейді, ең алдымен өз ата-аналарына, сондыктан олардың мінез-құлышы тәртібі балалардың мінез-құлышы тәртібін қалыптастыратын маңызды фактор.

Балалардың қараусыз қалуына жеткізетін негізгі себеп ата-аналардың жұмыс бастылығы. Олар жұмыстарына толықтай берілетіндігі сонша, балаларының тәрбиесіне көңіл бөлмейді, олардың қажеттілігін, қызығушылығын білмейді, үйден тыс немен айналысадынына бақылау жасай алмайды. Мұндай ата-аналардың балаларымен байланысы әлсіз болады.

Отбасындағы балалардың жеке тұлғасына әсер етуінің маңызды факторы туыстық байланыс, отбасы мүшелерінің бір-бірімен сезімдік байланысы болып табылады. Ең бастысы, баланың ата-анасымен, басқа да отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы оның бойында махабbat сияқты сезімнің қалыптасуына әкеледі.

Балаға отбасының әсер ету күші оның үздіксіздігінде. Отбасында ата-аналар бағытталған тәрбиелік іс-әрекеттер жүргізгенде ғана емес, өзінің дәстүрлері, қажеттіліктері, қызығушылықтарымен де тәрбиелейді.

Орта білім беретін ұйымдарда оқушыларға тәрбие беруде жанұя, мектеп, колледж, лицейлердің бірігіп жұмыс істеуінің маңызы зор. Орта мектеп пен жанұяның құқықтық тәрбие берудегі біріккен іс-әрекеттерінде әртүрлі әдістер қолданылады, оны екі топқа бөлуге болады. Біріншісіне оқушыларға ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы әсер ету жатады. Екіншісіне –тікелей әсер ету әдістері жатады.

Бірінші топқа ата-аналар жиналысын жатқызуға болады. Ата-аналардың жалпы жиналысында құқықтық тәрбие беру шараларын өткізуідің маңыздылығына тоқталып, балаларға құқықтық тәрбие берудің жолдары айтылады. Ақпарат мазмұнында мектеп оқушыларының мінез-құлқына қысқаша талдау жасау сипатында болады. Сыныптағы ата-аналар

жиналысында балаларға құқықтық тәрбие берудің жас ерекшеліктеріне тоқталуға, сыйныпта осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстармен, кейбір заң актілерімен таныстыруға болады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің басқа түрі отбасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық тәрбие беру сұрақтары бойынша дәрістер оқу, әңгімелесу, педагогикалық өзіндік білімін көтеруге арналған нұсқаулар, балаларға адамгершілік-құқықтық тәрбие беру жөнінде нақты тапсырмалар беру, адамгершілік-құқықтық тақырыптардағы әдебиеттерді ата-аналармен талқылау болып табылады.

Корыта келгенде ой түйіндер болсақ, құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселесінің қоғамдағы өзектілігін ескере отырып, оны жүзеге асыруда барлық тәрбие субъектілерінің азаматтық белсенділіктерінің үлкен маңызы бар екендігін атап көрсеткіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 2006-2011 жылдарға арналған кешенді тәрбие бағдарламасы.Астана, 2006ж.
2. Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің 1-ХІ сынып оқушыларына арналған тәрбие бағдарламасы - Демеуова М.Е.,Кожахметова К.Ж. т.б.-А.,2006ж.
3. С.Өзбекұлы. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері.- А.,Білім, 2004ж.
4. Ә.Табылдиев Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбиесі: Оку күралы.- Алматы, Қазақ университеті, 2003ж.
5. Совместная деятельность образовательного учреждения с семьей и общественностью. Гафаров З.М. – Ташкент, 2000
6. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы: «Нұрлы әлем», 2003ж.